

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін пруденциялық нормативтердің тізбесін, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 236 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 қазанда № 8794 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 41 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 41 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.09.2019 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін пруденциялық нормативтердің тізбесі, олардың нормативтік мәндері және есептеу әдістемесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Г. Марченко

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 236 қаулысымен
бекітілген

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін пруденциялық нормативтердің тізбесі, олардың нормативтік мәндері және есептеу әдістемесі

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Осы Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін пруденциялық нормативтердің тізбесі, олардың нормативтік мәндері және есептеу әдістемесі (бұдан әрі - Тізбе) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 41-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді және ерікті зейнетақы жарналарын тартатын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асырмайтын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары (бұдан әрі – Қор) үшін пруденциялық нормативтердің тізбесін, олардың нормативтік мәндерін, есептеу әдістемесін белгілейді.

Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдар үшін Тізбеде көрсетілмеген өзге пруденциялық нормативтер бойынша есептеу Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17005 болып тіркелген "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің түрлерін белгілеу, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауы міндетті пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу қағидаларын және әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 80 41-бабының белгіленеді.

Тізбеде Қордың үлестес тұлғаларына қатысты көзделген нормалар заңды тұлғаларға және "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының аталған ұйымдардың дауыс беретін акцияларының 25 (жиырма бес) және одан астам пайызына тікелей (банктер бойынша – жанама) иелік етуі нәтижесінде олардың Қормен үлестес болып табылатын үлестес тұлғаларына қолданылмайды.

Пруденциялық нормативтердің құрамына мыналар кіреді:
меншікті капиталдың жеткіліктілігі;
инвестициялау лимиттері.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Тізбенің мақсаты үшін Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің рейтингтік бағаларынан басқа қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) Moody's Investors Service және Fitch (Мудис Инвесторс Сервис және Фич) агенттіктерінің және олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген, "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысында белгіленген рейтингтік бағалары да танылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы Тізбенің мақсатында пайдаланылатын халықаралық қаржы ұйымдары ретінде мына халықаралық қаржы ұйымдары түсініледі:

Азиялық даму банкі (the Asian Development Bank);

Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank);

Африкалық даму банкі (the African Development Bank);

Еуразия даму банкі (Eurasian Development Bank);

Еуропа қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development);

Еуропа инвестициялық банкі (the European Investment Bank);

Еуропа Кеңесінің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank);

Жеке секторды дамыту жөніндегі исламдық корпорация (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector);

Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank);

Жан-жақты инвестицияларға кепілдік беру агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency);

Скандинавия инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank);

Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund);

Халықаралық даму қауымдастығы (the International Development Association);

Халықаралық есеп айырысу банкі (the Bank for International Settlements);

Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (the International Centre for Settlement of Investment Disputes);

Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development);

Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-1. Тізбенің мақсаттары үшін негізгі қор индекстері деп мынадай есептік көрсеткіштерді (индекстерді) білдіреді:

CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index);

DAX (Deutscher Aktienindex);

DJIA (Dow Jones Industrial Average);

EURO STOXX 50 (EURO STOXX 50 Price Index);

FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index);

HSI (Hang Seng Index);

KASE (Kazakhstan Stock Exchange Index);

MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index);

MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index);

NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index);

RTSI (Russian Trade System Index);

S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index);

TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index);

NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index).

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.09.2019 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қордың пруденциялық нормативтерін есептеу үшін бухгалтерлік есептің деректері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 24 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9274 болып тіркелген Зейнетақы активтерін есепке алуды және бағалауды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес айқындалатын қаржы құралдарының ағымдағы құны пайдаланылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Меншікті капиталдың жеткіліктілігі" 1-пруденциялық нормативі

4. Қордың меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті (K1) мына формула бойынша есептеледі:

$$K1 = (\Theta A - M) / MKTM, \text{ мұнда:}$$

ӨА - Қордың Тізбенің 5 және 7-тармақтарында көрсетілген өтімді және басқа да активтері;

М - баланс бойынша міндеттемелер;

МКТМ - Қордың 259 200 000 (екі жүз елу тоғыз миллион екі жүз мың) теңге мөлшеріндегі меншікті капиталының ең төменгі мөлшері.

Егер инвестициялық басқаруға қабылданған зейнетақы активтерінің құны 40 (қырық) миллиард теңгеден астам болған жағдайда Қордың меншікті капиталының ең төменгі мөлшері мынадай формуламен есептеледі:

$$\text{МКТМ} = (\text{БҚА} - 40 \text{ (қырық) миллиард теңге}) * 0,0001 + 259\,200\,000 \text{ (екі жүз елу тоғыз миллион екі жүз мың) теңге, мұнда:}$$

БҚА - инвестициялық басқаруға қабылданған зейнетақы активтері.

Қордың меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің мәні күнделікті кемінде 1 (бір) болады.

Қор К1 коэффициентінің мәнін әр жұмыс күні алдыңғы жұмыс күнінің соңындағы, сондай-ақ ағымдағы жұмыс күнінің тікелей алдындағы әрбір демалыс күнінің соңындағы жағдай бойынша есептейді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Қордың өтімді активтері ретінде Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес тиісті көлемде Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының пруденциялық нормативтерінің мәндерін есептеу кестесінде көрсетілген активтер танылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Тізбенің 5-тармағында көрсетілген өтімді активтердің есебіне мыналар қосылмайды:

репо операцияларын қоспағанда, Қордың меншік құқығы шектелген активтер (Қордың бағалы қағаздарды оларды қайта сатуға немесе кепілге беруге міндеттеме алу талабымен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де ауыртпалықтары бар бағалы қағаздарды сатып алуы).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздармен (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналысқа шығарылғандарды қоса алғанда) "кері репо" операциясының нысанасы болып табылатын Тізбеге қосымшаға сәйкес Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының пруденциялық нормативтерінің мәндерін есептеу кестесінде көрсетілген көлемде Қордың өтімді активтерінің есебіне енгізіледі.

Орталық контрагенттің қатысуымен жасалған "кері репо" операциясының нысанасы болып табылатын бағалы қағаздар Қордың өтімді активтерінің есебіне толық көлемде енгізіледі;

өлшемдері қор биржасының акциялар нарығының индексін есептеу мақсатында пайдаланылатын қор биржасының ресми тізіміне (қор биржасының өкілдік тізімі) кіретін акцияларды қоспағанда, Қорға қатысты үлестес тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалар шығарған бағалы қағаздар;

Қордың ірі акционерлеріне тиесілі Қордың дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын сенімгерлікпен басқарушылары және осы сенімгерлік басқарушылардың үлестес тұлғалары шығарған бағалы қағаздар;

Қорға қатысты үлестес тұлғалар болып табылатын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Қордың балансы бойынша активтер сомасының бес пайызынан аспайтын сомадағы, Қордың жылжымайтын мүлік түріндегі негізгі құрал-жабдықтары басқа активтер ретінде танылады.

3. "Инвестициялау лимиттері" 2-пруденциялық нормативі

8. Қор инвестициялау лимиттерін есептеуді күн сайын жүзеге асырады.

9. "Инвестициялау лимиттері" пруденциялық нормативін есептеген кезде:

1) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің меншікті капиталы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 55-бабының талабына сәйкес жарияланған не қор биржасының немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған оның соңғы тоқсандық балансы негізінде шоғырландырылмаған қаржылық есептілік деректері бойынша айқындалады;

2) бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымының меншікті капиталы қор биржасының немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған оның соңғы тоқсандық балансы негізінде айқындалады;

3) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің меншікті капиталы Reuters немесе Bloomberg ақпараттық талдау жүйелерінде, сауда жүйелерінде осы бағалы қағаздарының бағасы белгіленетін қор биржасының немесе халықаралық (шетелдік) қор биржасының интернет-ресурсында немесе осы бағалы қағаздар эмитентінің интернет-ресурсында орналастырылған оның соңғы тоқсандық балансы негізінде айқындалады;

4) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің және екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымының дауыс беретін және орналастырылған акцияларының жалпы саны уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында ай сайын орналастырылатын деректердің негізінде айқындалады;

5) пайлары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және инвестициялық қорлар туралы заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорының таза активтерінің құны уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында тоқсан сайын орналастырылатын деректердің негізінде айқындалады;

6) "Standard & Poor's principal stability fund ratings" "BBBm-" төмен емес не "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" "BBBf-" төмен емес халықаралық рейтингілік бағасы бар инвестициялық қор активтерінің мөлшері Reuters немесе Bloomberg ақпараттық талдау жүйелерінде, сауда жүйелерінде осы пайлардың бағасы белгіленетін қор биржасының немесе халықаралық (шетелдік) қор биржасының интернет-ресурсында немесе осы инвестициялық қордың басқарушы компаниясының интернет-ресурсында орналастырылған деректердің негізінде айқындалады;

7) Қордың меншікті активтерінің мөлшері Қордың бухгалтерлік есебінің меншікті активтер бойынша деректерінің негізінде күн сайын айқындалады;

8) зейнетақы активтерінің мөлшері бухгалтерлік есептің зейнетақы активтері бойынша күн сайынғы деректерінің негізінде күн сайын айқындалады;

9) борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар мөлшері борыштық бағалы қағаздардың баланстық құны бойынша айқындалады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 54 (01.06.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

10. Мына:

1) Тізбенің 14 және 29-тармақтарында белгіленген инвестициялау лимиттерін есептеген кезде, бір-біріне қатысты үлестес банктер бір банк ретінде танылады;

2) Тізбенің 18-тармағында белгіленген инвестициялау лимиттерін есептеген кезде, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын, бір-біріне қатысты үлестес болып табылатын эмитенттер Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын бір эмитент ретінде танылады.

Осы тармақтың талаптары кредиттік бюролардың қатысушылары (акционерлері) болып табылатын заңды тұлғаларға, сондай-ақ акцияларының (қатысу үлестері) мемлекеттік пакеттері "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына берілген заңды тұлғаларға қолданылмайды.

Ескерту. 10-тармақта орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Қор инвестицияларының мөлшері мына мәндерді құрайды:
меншікті активтер есебінен – Қордың меншікті активтерінің он пайызынан кем;

жиынтығында зейнетақы және меншікті активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен – осы банктің меншікті капиталы мөлшерінің отыз бес пайызынан кем (қаржылық агенттіктерді және ипотекалық облигациялардың эмитенттерін қоспағанда).

12. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкі шығарған, Қор жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен сатып алған дауыс беретін акциялардың үлесі осы банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының он пайызынан кем мәнді құрайды.

13. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкі шығарған, Қор жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен сатып алған орналастырылған акциялардың үлесі осы банктің орналастырылған акцияларының жалпы санының он пайызынан кем мәнді құрайды.

14. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі және осы банктің үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттер, сондай-ақ осы банктің, оның ірі акционерлеріне тиесілі дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызын сенімгерлікпен басқарушылары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Қордың меншікті активтері есебінен инвестицияларының жиынтық мөлшері Қордың меншікті активтерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

Егер, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын банктің үлестес тұлғасы – эмитент, сондай-ақ осы банктің, оның ірі акционерлеріне тиесілі дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызын сенімгерлікпен басқарушы ипотекалық облигациялардың шығарылымын жүзеге асырған жағдайда, онда осы ипотекалық облигацияларға Қор инвестицияларының жиынтық мөлшері Тізбенің 16 және 17-тармақтарында белгіленген мәндерден аспайды.

Ескерту. 14-тармақта орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Қор инвестицияларының мөлшері мына мәндерді құрайды:

меншікті активтер есебінен – Қордың меншікті активтерінің он пайызынан кем;

жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен – осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан кем (қаржылық агенттіктерді, ипотекалық облигациялар мен инфрақұрылымдық облигациялардың және мемлекеттің немесе қаржылық агенттіктің кепілдігімен шығарылған облигациялардың эмитенттерін қоспағанда).

16. Қор жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен сатып алған, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымының бір шығарылымының борыштық бағалы қағаздарының үлесі эмитенттің осы шығарылымының борыштық бағалы қағаздарының жалпы санының жиырма бес пайызынан кем мәнді құрайды.

17. Қор жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен сатып алған, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған дауыс беретін акцияларының үлесі осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санының он пайызынан кем мәнді құрайды.

18. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын Қазақстан Республикасының ұйымы және осы ұйымның үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттер, сондай-ақ ірі акционерлеріне тиесілі оның дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызын сенімгерлікпен басқарушылары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Қордың меншікті активтері есебінен инвестицияларының жиынтық мөлшері Қордың меншікті активтерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

Ескерту. 18-тармақта орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Қордың Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитенті шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына инвестицияларының мөлшері мына:

меншікті активтер есебінен - Қордың меншікті активтерінің он пайызынан кем;

жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтері есебінен - егер эмитенттің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары бойынша бас ұйымның мөлшері осы эмитенттің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары шығарылымының толық көлеміне сәйкес келетін кепілдігі бар болса, осы эмитенттің немесе оның бас ұйымының меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан кем мәндерді құрайды.

Егер эмитенттің бас ұйымы екінші деңгейдегі банк болса, Қордың жиынтығында зейнетақы және меншікті активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтері есебінен осы Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитент шығарған (берген) қаржы құралдарына инвестицияларының мөлшері бұл екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталының отыз бес пайызынан кем болады.

20. Қордың жиынтығында зейнетақы және меншікті активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтері есебінен сатып алған Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің бір шығарылымдағы борыштық бағалы қағаздарының үлесі эмитенттің осы шығарылымдағы борыштық бағалы қағаздарының жалпы санының жиырма бес пайызынан кем мәнді құрайды.

21. Қордың жиынтығында зейнетақы және меншікті активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтері есебінен сатып алған Қазақстан Республикасының резидент емес бір эмитенті шығарған акциялардың үлесі осы эмитент акцияларының жалпы санының он пайызынан кемді құрайды.

22. Қордың шетел валютасында номинирленген шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына меншікті активтері есебінен инвестицияларының мөлшері Қордың меншікті активтерінің елу пайызынан кем болады, оның ішінде "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына – меншікті активтердің жалпы мөлшерінің он пайызынан кемді құрайды.

23. Басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорының қор биржасының ресми тізіміне енгізілген пайларына Қор инвестицияларының мөлшері мына:

1) меншікті активтері есебінен - Қордың меншікті активтерінің он пайызынан кем;

2) жиынтығында меншікті және зейнетақы активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтері есебінен - осы аралық

инвестициялық пай қорының таза активтерінің он пайызынан кем мәндерді құрайды.

24. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын бір басқарушы компанияның басқаруындағы қор биржасының ресми тізіміне енгізілген аралық инвестициялық пай қорының пайларына және осы басқарушы компания шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Қордың меншікті активтері есебінен инвестицияларының жиынтық мөлшері Қордың меншікті активтерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

25. "Standard & Poor's principal stability fund ratings" "BBBm-" төмен емес не "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" "BBBf-" төмен емес халықаралық рейтингілік бағасы бар инвестициялық қордың пайларына Қор инвестицияларының мөлшері мына:

меншікті активтері есебінен - Қордың меншікті активтерінің он пайызынан кем;

жиынтығында меншікті және зейнетақы активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтері есебінен - осы инвестициялық қор активтерінің он пайызынан кем мәндерді құрайды.

26. Бір басқарушы компанияның басқаруындағы "Standard & Poor's principal stability fund ratings" "BBBm-" төмен емес не "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" "BBBf-" төмен емес халықаралық рейтингілік бағасы бар инвестициялық қорлардың пайларына және осы басқарушы компания шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Қордың меншікті активтері есебінен инвестицияларының жиынтық мөлшері Қордың меншікті активтерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

27. Бір шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған (ұсынған) мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарына Қордың меншікті активтері есебінен инвестицияларының мөлшері Қордың меншікті активтерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

28. Бір халықаралық қаржы ұйымы шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Қордың меншікті активтері есебінен инвестицияларының мөлшері Қордың меншікті активтерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

29. Қор кассасында күннің соңындағы ақша қалдығының мөлшері Қордың меншікті активтері мөлшерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

Қордың Қазақстан Республикасының екінші деңгейіндегі бір банкіндегі ағымдағы шоттарындағы ақшаның ең көп қалдығы Қордың меншікті активтері мөлшерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

30. Тазартылған бағалы металдарға және металл депозиттеріне Қордың меншікті активтер есебінен инвестицияларының жиынтық мөлшері Қордың меншікті активтері мөлшерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

31. Осы тарауда белгіленген инвестициялау лимиттері Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына және "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздарға таралмайды.

32. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің, екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымының және Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитентінің меншікті капиталының төмендеуі нәтижесінде Тізбенің 11, 15 және 19-тармақтарына сәйкес есептелген мәндер сәйкес келмеген жағдайда, Қор осы сәйкессіздіктің фактісі мен себептері туралы 1 (бір) жұмыс күні ішінде жоғарыда көрсетілген оқиға басталған күннен бастап 4 (төрт) ай ішінде оны жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып уәкілетті органға хабарлайды.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 54 (01.06.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

33. Қорға қатысы жоқ себептер нәтижесінде Тізбенің 12, 13, 17 және 21-тармақтарына сәйкес есептелген мәндер сәйкес келмеген жағдайда, Қор осы сәйкессіздіктің фактісі мен себептері туралы 1 (бір) жұмыс күні ішінде жоғарыда көрсетілген оқиға басталған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде оны жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып уәкілетті органға хабарлайды.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 54 (01.06.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

4. Есептілікті ұсыну нысандары мен мерзімдері

Ескерту. 4-тарау алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы
қорлары үшін пруденциялық
нормативтердің тізбесіне,
олардың нормативтік мәндеріне
және есептеу әдістемесіне
1-қосымша

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының пруденциялық нормативтерінің мәндерін есептеу кестесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Көрсеткіштің атауы	Баланс бойынша сомасы	Есепке алынатын көлем (пайызбен)
1	2	3	4

1	Ақша және салымдар, барлығы, оның ішінде:		
1.1	кассадағы, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі - ЕЖЗҚ) балансы бойынша активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын сомадағы ақша		100
1.2	осы қосымшаның 1.9 және 1.10-жолдарында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша		100
1.3	осы қосымшаның 1.11-жолында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша		90
1.4	орталық депозитарийдегі шоттардағы ақша		100
1.5	клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарналар, маржа салымдары, ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен қор биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын ЕЖЗҚ ақшасы		100
1.6	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай		100

	деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша		
1.7	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 1-тармағында белгіленген функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы шоттардағы ақша		100
1.8	Бағалы қағаздарға қызмет көрсету мәселелері бойынша халықаралық қауымдастықтың (International Securities Services Association) мүшесі болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы шоттардағы ақша		100
1.9	осы банктер қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңы "акциялар" секторының "премиум" санатына енгізілген эмитенттер немесе акциялары қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде болатын эмитенттер болған жағдайда, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		100

1.10	мына талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB +" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар; Қ а з а қ с т а н Республикасының резидент еншілес банктері, олардың бас банктері шетел валютасында Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, Қ а з а қ с т а н Республикасының бейрезиденті болып табылады		100
	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандарт энд		

1.11	Пурс) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-ден "kzBB"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қ а з а қ с т а н Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		90
1.12	Standard & Poor's агенттігінің (Стандард энд Пурс) "AA-" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар, Еуразиялық Даму Банкіндегі Қ а з а қ с т а н Республикасының ұлттық валютасындағы салымдар		100
1.13	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банктердегі салымдар		100
2	Борыштық бағалы қағаздар (орталық контрагентпен жасалған "кері РЕПО" операциясының мәні болып табылатын борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) – барлығы, оның ішінде:		
	Басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланғандарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен		

2.1	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		100
2.2	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар		100
2.3	акцияларының бір жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, кәсіпкерлік қызметке байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар		100
2.4	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес "Қазақстанның Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі, "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		100
	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық		

2.5	бағалы қағаздар" секторына кіретін Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес бағалы қағаздары немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген, қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу үшін қор биржасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		90
2.6	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізімінің "Балама" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген, қор биржасының ресми тізімінің "Балама" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу үшін қор биржасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан		60

	Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		
2.7	Қ а з а қ с т а н Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар (олардың эмитентінде бар) немесе Standard & Poor's агенттігінің (Стандард энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzA-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес бағалы қағаздары	100	
2.8	Қ а з а қ с т а н Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар (олардың эмитентінде бар) немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB+"-тен "kzBB-"-ке	85	

	дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		
2.9	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA" төмен емес халықаралық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында номинирленген бағалы қағаздар		100
2.10	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары		100
2.11	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+" -тен "BB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің		90

	борыштық бағалы қағаздары		
2.12	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары	80	
2.13	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар (олардың эмитентінде бар) шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	100	
2.14	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша (эмитенттің) "BB+"-тен "BB-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар (олардың эмитентінде бар) шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	85	
2.15	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің	70	

	осындай деңгейдегі рейтингі бар (олардың эмитентінде бар) шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		
3	Акциялар және депозитарлық қолхаттар (орталық контрагентпен жасалған "кері РЕПО" операциясының мәні болып табылатын борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) – барлығы, оның ішінде:		
3.1	негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар		100
3.2	қор биржасының ресми тізіміне "Негізгі" алаңының "акциялар" секторы "премиум" санатының талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген заңды тұлғалардың акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар		100
3.3	қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңы "акциялар" секторының "стандарт" санатына енгізілген Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының акциялары немесе шетел валютасында номинирленген, "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор		80

	биржасында ашық сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының акциялары және базалық активі осы қосымшаның 3.4-жолында көрсетілген осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар		
3.4	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізімінің "Баламалы" алаңының "акциялар" секторына енгізілген, "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының "Акциялардың өңірлік нарығының сегменті" ресми тізімінің кіші бөліміне енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар		60
3.5	Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар		100

3.6	Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+" -тен "BB-ке" дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар	80
3.7	Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+" -тен "B-ке" дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар	60
4	Өзге бағалы қағаздар – барлығы, оның ішінде:	
4.1	кор биржасының ресми тізіміне енгізілген инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары	70
4.2	активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэйдэд Фанде) пайлары немесе негізгі қор индексіне байланысты пайлар бойынша баға белгілеу	90

4.3	Morningstar рейтингтік агенттігінің "3 жұлдыздан" төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс) Exchange Traded Commodities (ETC) (Эксчейндж Трэдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (ETN) (Эксчейндж Трэдэд Ноутс) пайлары		80
4.4	орталық контрагентпен жасалған "кері репо" операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздар		100
5	Өзге активтер – барлығы, оның ішінде:		
5.1	Тазартылған бағалы металдар және металл шоттар		100
5.2	бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру шеңберінде есептелген, бірақ төленбеген комиссиялық сыйақы бойынша (шарт талаптары бойынша мерзімі өтпеген) дебиторлық берешек (ЕЖЗҚ үлестес тұлғаларының дебиторлық берешегін коспағанда) - ЕЖЗҚ балансы бойынша активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын сомада		100
5.3	Бағалы қағаздар эмитенттеріне бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінде көзделген олардың айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты туындайтын бағалы қағаздардың номиналды құнын төлеу бойынша қойылатын талаптар (бағалы қағаздар шығарылымы		100

	проспектісінің талаптары бойынша мерзімі өтпеген)		
5.4	ЕЖЗҚ балансы бойынша активтер сомасының 5 (бес) пайызынан аспайтын сомада жылжымайтын мүлік түріндегі ЕЖЗҚ негізгі құрал-жабдықтары		100
6	Өтімді активтердің жиынтығы		
7	Баланс бойынша міндеттемелер		
8	Меншікті капиталдың ең төмен мөлшері		
9	Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті		

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін пруденциялық нормативтердің тізбесіне, олардың нормативтік мәндеріне және есептеу әдістемесіне, сондай-ақ тиісті есептілік нысандары мен оны ұсыну мерзімдеріне 2-қосымша
Нысан

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған
"Инвестициялау лимиттері"

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.09.2019 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: 20 ____ жылғы " ____ " _____ жағдай бойынша

Индексі: LIMITS –DNPF

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры

Нысан кімге ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей

1-кесте. Эмитенттің қаржы құралдарына
(мың теңгемен)

		Зейнетақы активтерінің есебінен			Меншікті активтердің есебінен		
--	--	---------------------------------	--	--	-------------------------------	--	--

№	Қазақстан Республикасының резидент-эмитентінің атауы	Сәйкестендіру нөмірі	Осы эмитенттің дауыс беруші акцияларының жалпы саны (дана)	Зейнетақы активтерін осы эмитенттің дауыс беруші акцияларының жалпы санынан пайызбен жиынтығы	Зейнетақы активтерін осы эмитенттің дауыс беруші акцияларының жалпы санынан пайызбен жиынтығы	Меншікті активтердің есебінен осы акциялардың жалпы саны (дана)	Меншікті активтердің есебінен осы эмитенттің дауыс беруші акцияларының жалпы санынан пайызбен жиынтығы	Зейнетақы және меншікті активтердің есебінен осы эмитенттің дауыс беруші акцияларының жалпы санынан пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

5-кесте. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкі шығарған орналастырылған акциялардың үлесі

№	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің атауы	Сәйкестендіру нөмірі	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкі шығарған орналастырылған акциялардың жалпы саны (дана)	Зейнетақы активтерінің есебінен осы акциялардың жалпы саны (дана)	Зейнетақы активтерінің есебінен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкі шығарған орналастырылған акциялардың жалпы санынан пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы:

Меншікті активтердің есебінен осы акциялардың жалпы саны (дана)	Меншікті активтердің есебінен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкі шығарған орналастырылған акциялардың жалпы санынан пайызбен жиынтығы	Жиынтығында зейнетақы және меншікті активтердің есебінен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкі шығарған орналастырылған акциялардың жалпы санынан пайызбен жиынтығы
7	8	9

6-кесте. Қазақстан Республикасының резидент- эмитенті, және осы эмитенттің үлестес тұлғалары, сондай-ақ, дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызы оның ірі акционерлеріне тиесілі сенімгерлік басқарушылары болып табылатын эмитенттер шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына
(мың теңгемен)

	Қазақстан Республикасының резидент- эмитенті,		
--	---	--	--

№	Қазақстан Республикасының резидент-эмитентінің, осы эмитенттің үлестес тұлғасының, дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызы оның ірі акционерлеріне тиесілі сенімгерлік басқарушының атауы	және осы эмитенттің үлестес тұлғалары, сондай-ақ дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызы оның ірі акционерлеріне тиесілі сенімгерлік басқарушылары болып табылатын эмитенттер шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына инвестициялардың ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы:

Қазақстан Республикасының резидент- эмитенті, және осы эмитенттің үлестес тұлғалары, сондай- ақ меншікті активтердің есебінен дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызы оның ірі акционерлеріне тиесілі сенімгерлік басқарушылары болып табылатын эмитенттер шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына инвестициялардың ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құны	Меншікті активтерінің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы
6	7	8

7-кесте. Қазақстан Республикасының бейрезидент- эмитентінің акцияларына

№	Қазақстан Республик асының бейрезиде н т - эмитентіні ң атауы	Сәйкестен діру нөмірі	О с ы эмитенттің акциялары н ы ң жалпы саны (дана)	Зейнетақы активтерін ің есебінен о с ы акциялард ың саны (дана)	Зейнетақы активтерін ің есебінен о с ы эмитенттің акциялары н ы ң жалпы санынан пайызбен	Меншікті активтердің есебінен о с ы акциялард ың саны (дана)	Меншікті активтердің есебінен о с ы эмитенттің акциялары н ы ң жалпы санынан пайызбен жиынтығы (дана)	Жиынтығ ы н да зейнетақы ж ә н е меншікті активтерді ң есебінен о с ы эмитенттің акциялары н ы ң жалпы санынан пайызбен жиынтығы (дана)
1	2	3	4	5	6	7	8	9

**8-кесте. Шетел валютасында номинирленген шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына
(мың теңгемен)**

№	Зейнетақы активтерінің есебінен шетел валютасында номинирленген шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялардың ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы	Зейнетақы активтерінің есебінен "BBB"-ден төмен рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялардың ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы:

Меншікті активтердің есебінен шетел валютасында номинирленген шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялардың ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы	Меншікті активтердің есебінен "BBB" төмен рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялардың ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы
8	9	10	11	12	13

**9-кесте. Ерікті жинақтаушы зейнетқаы қорының (бұдан әрі – ЕЖЗҚ) үлестес тұлғалары, ЕЖЗҚ-ның дауыс беруші акцияларының он және одан астам пайызы ЕЖЗҚ-ның ірі акционерлеріне тиесілі сенімгерлік басқарушылары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына
(мың теңгемен)**

№	Ерікті жинақтаушы зейнетқаы қорының үлестес тұлғасының , ЕЖЗҚ-ның дауыс беруші акцияларының он және одан астам пайызы ЕЖЗҚ-ның ірі акционерлеріне	Ерікті жинақтаушы зейнетқаы қорының үлестес тұлғалары, ЕЖЗҚ-ның дауыс беруші акцияларының он және одан астам пайызы ЕЖЗҚ-ның ірі акционерлеріне тиесілі сенімгерлік	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құнынан
---	---	---	--------------------------------------	---

	тиесілі сенімгерлік басқарушының атауы	басқарушылары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына инвестициялардың ағымдағы құны		пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5

10-кесте. Басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорының пайларына
(мың теңгемен)

№	Эмитенттің атауы	Сәйкестендіру нөмірі	Меншікті активтердің есебінен осы эмитенттің пайларының ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы:

Осы эмитенттің таза активтерінің мөлшері	Зейнетақы активтерінің есебінен осы эмитенттің пайларының ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің есебінен таза активтерінің мөлшерінен пайызбен жиынтығы	Меншікті активтердің есебінен осы эмитенттің таза активтерінің мөлшерінен пайызбен жиынтығы	Жиынтығында зейнетақы және меншікті активтердің есебінен осы эмитенттің таза активтерінің мөлшерінен пайызбен жиынтығы
7	8	9	10	11

11-кесте. Басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорының пайларына , және осы басқарушы компания шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына
(мың теңгемен)

№	Эмитенттің атауы	Зейнетақы активтерінің есебінен осы эмитенттің пайларының және басқа қаржы құралдарының ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы	Меншікті активтердің есебінен осы эмитенттің пайларының және басқа қаржы құралдарының ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5	6	7	8

12-кесте. Standard & Poor's principal stability fund ratings -тің "BBBm" төмен емес немесе Standard & Poor's Fund credit quality ratings-тің "BBBf" төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы бар инвестициялық қорлардың пайларына
(мың теңгемен)

Осы эмитенттің активтерінің мөлшері	Зейнетақы активтерінің есебінен осы эмитенттің пайларының ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің есебінен осы эмитенттің пайларының ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы	Меншікті активтердің есебінен осы эмитенттің активтерінің мөлшерінен пайызбен жиынтығы	Жиынтығында зейнетақы және меншікті активтердің есебінен осы эмитенттің активтерінің мөлшерінен пайызбен жиынтығы
7	8	9	10	11

13-кесте. Standard & Poor's principal stability fund ratings -тің "BBBm" төмен емес немесе Standard & Poor's Fund credit quality ratings-тің "BBBf" төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы бар, бір басқарушы компанияның басқаруындағы инвестициялық қорлардың пайларына, және осы басқарушы компания шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына
(мың теңгемен)

№	Эмитенттің атауы	Зейнетақы активтерінің есебінен осы эмитенттің пайларының және басқа қаржы құралдарының ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы	Меншікті активтердің есебінен осы эмитенттің пайларының және басқа қаржы құралдарының ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5	6	7	8

14-кесте. Бір шетел мемлекетінің орталық үкіметі шығарған (ұсынған) мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарға
(мың теңгемен)

№	Эмитенттің атауы	Сәйкестендіру нөмірі	Зейнетақы активтерінің есебінен бір шетел мемлекетінің орталық үкіметі шығарған (ұсынған) мемлекеттік	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы
---	------------------	----------------------	---	--------------------------------------	---------------------------------

			мәртебесі бар бағалы қағаздардың ағымдағы құны		құнынан пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы:

Меншікті активтердің есебінен бір шетел мемлекетінің орталық үкіметі шығарған (ұсынған) мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздардың ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы
7	8	9

**15-кесте. Бір халықаралық ұйым шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына
(мың теңгемен)**

№	Эмитенттің атауы	Зейнетақы активтерінің есебінен бір халықаралық ұйым шығарған (ұсынған) қаржы құралдарының ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы	Меншікті активтердің есебінен бір халықаралық ұйым шығарған (ұсынған) қаржы құралдарының ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5	6	7	8

**16-кесте. Тазартылған бағалы металдарға
(мың теңгемен)**

№	Тазартылған бағалы металдың атауы	Зейнетақы активтерінің есебінен тазартылған бағалы металдардың ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құны	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы	Меншікті активтердің есебінен тазартылған бағалы металдардың ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құны	Меншікті активтердің ағымдағы құнынан пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5	6	7	8

Атауы

Мекенжайы

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Бас бухгалтер (немесе оның орнындағы адам)

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Бірінші басшы (немесе оның орнындағы адам)

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

"Инвестициялау лимиті"
әкімшілік деректер жинауға
арналған нысанға
қосымша

"Инвестициялау лимиті" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индексі – LIMITS -DNPF, кезеңділігі – ай сайын) 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Инвестициялау лимиті" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – ЕЖЗҚ) ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысан теңгемен беріледі.

4. Ағымдағы құны және пайызбен мәндері үтірден кейін екі белгімен көрсетіледі.

5. Нысан Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі салымдар және "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар бойынша толтырылмайды.

6. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен беріледі.

7. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер не олардың орнындағы адамдар және орындаушы қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

8. "Инвестициялау лимиті" Нысанын толтыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің меншікті капиталы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабының талабына сәйкес жарияланған не қор биржасының немесе қаржылық есептілік депозитарийінің

интернет-ресурсында орналастырылған оның соңғы тоқсандық балансы негізінде шоғырландырылмаған қаржылық есептілік деректері бойынша айқындалады;

2) бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымының меншікті капиталы қор биржасының немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған оның соңғы тоқсандық балансы негізінде айқындалады;

3) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің меншікті капиталы Reuters немесе Bloomberg ақпараттық талдау жүйелерінде, сауда жүйелерінде осы бағалы қағаздарының бағасы белгіленетін қор биржасының немесе халықаралық (шетелдік) қор биржасының интернет-ресурсында немесе осы бағалы қағаздар эмитентінің интернет-ресурсында орналастырылған оның соңғы тоқсандық балансы негізінде айқындалады;

4) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің және екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымының дауыс беруші және орналастырылған акцияларының жалпы саны уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында ай сайын орналастырылатын деректердің негізінде айқындалады;

5) пайлары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және инвестициялық қорлар туралы заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорының таза активтерінің құны уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында тоқсан сайын орналастырылатын деректердің негізінде айқындалады;

6) "Standard & Poor's principal stability fund ratings"-тің "BBBm-" төмен емес не "Standard & Poor's Fund credit quality ratings"-тің "BBBf-" төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы бар инвестициялық қор активтерінің мөлшері Reuters немесе Bloomberg ақпараттық талдау жүйелерінде, сауда жүйелерінде осы пайлардың бағасы белгіленетін қор биржасының немесе халықаралық (шетелдік) қор биржасының интернет-ресурсында немесе осы инвестициялық қордың басқарушы компаниясының интернет-ресурсында орналастырылған деректердің негізінде айқындалады;

7) ЕЖЗҚ-ның меншікті активтерінің мөлшері ЕЖЗҚ-ның бухгалтерлік есебінің меншікті активтер бойынша деректерінің негізінде күн сайын айқындалады;

8) зейнетақы активтерінің мөлшері бухгалтерлік есептің зейнетақы активтері бойынша күн сайынғы деректерінің негізінде күн сайын айқындалады;

9) борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар мөлшері борыштық бағалы қағаздардың баланстық құны бойынша айқындалады.

9. Мына:

1) Түсіндірменің 13 және 28-тармақтарында белгіленген инвестициялау лимиттерін есептеген кезде, бір-біріне қатысты үлестес банктер бір банк ретінде танылады;

2) Түсіндірменің 17-тармағында белгіленген инвестициялау лимиттерін есептеген кезде, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын, бір-біріне қатысты үлестес болып табылатын эмитенттер Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын бір эмитент ретінде танылады.

Осы тармақтың талаптары кредиттік бюролардың қатысушылары (акционерлері) болып табылатын заңды тұлғаларға, сондай-ақ акцияларының (қатысу үлестері) мемлекеттік пакеттері "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры " акционерлік қоғамына берілген заңды тұлғаларға қолданылмайды.

10. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына ЕЖЗҚ инвестицияларының мөлшері мына мәндерді құрайды :

меншікті активтер есебінен – ЕЖЗҚ-ның меншікті активтерінің он пайызынан кем;

жиынтығында зейнетақы және меншікті активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен - осы банктің меншікті капиталы мөлшерінің отыз бес пайызынан кем (қаржылық агенттіктерді және ипотекалық облигациялардың эмитенттерін қоспағанда).

11. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкі шығарған, ЕЖЗҚ жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен сатып алған дауыс беруші акцияларының үлесі осы банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының он пайызынан кем мәнді құрайды.

12. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкі шығарған, ЕЖЗҚ жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен сатып алған орналастырылған акциялардың үлесі осы банктің орналастырылған акцияларының жалпы санының он пайызынан кем мәнді құрайды.

13. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі және осы банктің үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттер, сондай-ақ осы банктің, оның ірі акционерлеріне тиесілі дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызын сенімгерлікпен басқарушылары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына ЕЖЗҚ-ның меншікті активтері есебінен инвестицияларының жиынтық мөлшері ЕЖЗҚ-ның меншікті активтерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

Егер, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын банктің үлестес тұлғасы - эмитент, сондай-ақ осы банктің, оның ірі

акционерлеріне тиесілі дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызын сенімгерлікпен басқарушы ипотекалық облигациялардың шығарылымын жүзеге асырған жағдайда, онда осы ипотекалық облигацияларға ЕЖЗҚ инвестицияларының жиынтық мөлшері Түсіндірменің 15 және 16-тармақтарында белгіленген мәндерден аспайды.

14. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына ЕЖЗҚ инвестицияларының мөлшері:

меншікті активтер есебінен - ЕЖЗҚ-ның меншікті активтерінің он пайызынан кем;

жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен - осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан кем (қаржылық агенттіктерді, ипотекалық облигациялар мен инфрақұрылымдық облигациялардың және мемлекеттің немесе қаржылық агенттіктің кепілдігімен шығарылған облигациялардың эмитенттерін қоспағанда) мәндерді құрайды

15. ЕЖЗҚ жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен сатып алған, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымының бір шығарылымының борыштық бағалы қағаздарының үлесі эмитенттің осы шығарылымының борыштық бағалы қағаздарының жалпы санының жиырма бес пайызынан кем мәнді құрайды.

16. ЕЖЗҚ жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен сатып алған, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған дауыс береуші акцияларының үлесі осы эмитенттің дауыс беруші акцияларының жалпы санының он пайызынан кем мәнді құрайды.

17. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын Қазақстан Республикасының ұйымы және осы ұйымның үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттер, сондай-ақ ірі акционерлеріне тиесілі оның дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызын сенімгерлікпен басқарушылары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына ЕЖЗҚ-ның меншікті активтері есебінен инвестицияларының жиынтық мөлшері ЕЖЗҚ-ның меншікті активтерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

18. ЕЖЗҚ-ның Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенті шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына инвестицияларының мөлшері:

меншікті активтер есебінен - ЕЖЗҚ-ның меншікті активтерінің он пайызынан кем;

жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтері есебінен - егер эмитенттің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары бойынша бас ұйымның мөлшері осы эмитенттің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары шығарылымының толық көлеміне сәйкес келетін кепілдігі бар болса, осы эмитенттің немесе оның бас ұйымының меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан кем мәндерді құрайды.

Егер эмитенттің бас ұйымы екінші деңгейдегі банк болса, ЕЖЗҚ-ның жиынтығында зейнетақы және меншікті активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтері есебінен осы Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенті шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына инвестицияларының мөлшері осы екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталының отыз бес пайызынан кем болады.

19. ЕЖЗҚ-ның жиынтығында зейнетақы және меншікті активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтері есебінен сатып алған Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитентінің бір шығарылымдағы борыштық бағалы қағаздарының үлесі эмитенттің осы шығарылымдағы борыштық бағалы қағаздарының жалпы санының жиырма бес пайызынан кем мәнді құрайды.

20. ЕЖЗҚ-ның жиынтығында зейнетақы және меншікті активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтері есебінен сатып алған Қазақстан Республикасының бейрезидент бір эмитенті шығарған акциялардың үлесі осы эмитент акцияларының жалпы санының он пайызынан кем құрайды.

21. ЕЖЗҚ-ның шетел валютасында номинирленген шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына меншікті активтері есебінен инвестицияларының мөлшері ЕЖЗҚ-ның меншікті активтерінің елу пайызынан кем болады, оның ішінде "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына - меншікті активтердің жалпы мөлшерінің он пайызынан кем құрайды.

22. Басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорының қор биржасының ресми тізіміне енгізілген пайларына ЕЖЗҚ инвестицияларының мөлшері мына:

1) меншікті активтері есебінен - ЕЖЗҚ-ның меншікті активтерінің он пайызынан кем;

2) жиынтығында меншікті және зейнетақы активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтері есебінен - осы аралық

инвестициялық пай қорының таза активтерінің он пайызынан кем мәндерді құрайды.

23. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын бір басқарушы компанияның басқаруындағы қор биржасының ресми тізіміне енгізілген аралық инвестициялық пай қорының пайларына және осы басқарушы компания шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына ЕЖЗҚ-ның меншікті активтері есебінен инвестицияларының жиынтық мөлшері ЕЖЗҚ-ның меншікті активтерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

24. "Standard & Poor's principal stability fund ratings"-тің "BBBm-" төмен емес не "Standard & Poor's Fund credit quality ratings"-тің "BBBf-" төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы бар инвестициялық ЕЖЗҚ-ның пайларына ЕЖЗҚ инвестицияларының мөлшері мына:

меншікті активтері есебінен - ЕЖЗҚ-ның меншікті активтерінің он пайызынан кем;

жиынтығында меншікті және зейнетақы активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтері есебінен - осы инвестициялық қор активтерінің он пайызынан кем мәндерді құрайды.

25. Бір басқарушы компанияның басқаруындағы "Standard & Poor's principal stability fund ratings"-тің "BBBm-" төмен емес не "Standard & Poor's Fund credit quality ratings"-тің "BBBf-" төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы бар инвестициялық қорлардың пайларына және осы басқарушы компания шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына ЕЖЗҚ-ның меншікті активтері есебінен инвестицияларының жиынтық мөлшері ЕЖЗҚ-ның меншікті активтерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

26. Бір шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған (ұсынған) мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарына ЕЖЗҚ-ның меншікті активтері есебінен инвестицияларының мөлшері ЕЖЗҚ-ның, ИПБ1, ИПБ2-нің меншікті активтерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

27. Бір халықаралық қаржы ұйымы шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына ЕЖЗҚ-ның меншікті активтері есебінен инвестицияларының мөлшері ЕЖЗҚ-ның меншікті активтерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

28. ЕЖЗҚ кассасында күннің соңындағы ақша қалдығының мөлшері ЕЖЗҚ-ның меншікті активтері мөлшерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

ЕЖЗҚ-ның Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкіндегі ағымдағы шоттарындағы ақшаның ең көп қалдығы ЕЖЗҚ-ның меншікті активтері мөлшерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

29. Тазартылған бағалы металдарға және металл депозиттеріне ЕЖЗҚ-ның меншікті активтер есебінен инвестицияларының жиынтық мөлшері ЕЖЗҚ-ның меншікті активтері мөлшерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

30. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің, екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымының, және Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитентінің меншікті капиталының төмендеуі нәтижесінде Түсіндірменің 10, 14 және 18-тармақтарына сәйкес есептелген мәндер сәйкес келмеген жағдайда, ЕЖЗҚ осы сәйкессіздік фактісі мен себептері туралы 1 (бір) жұмыс күні ішінде жоғарыда көрсетілген оқиға басталған күннен бастап 4 (төрт) ай ішінде оны жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып, уәкілетті органға хабарлайды.

31. ЕЖЗҚ-ға байланысты емес себептердің нәтижесінде Түсіндірменің 11, 12, 16 және 20-тармақтарына сәйкес есептелген мәндер сәйкес келмеген жағдайда, ЕЖЗҚ 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы сәйкессіздік фактісі мен себептері туралы жоғарыда көрсетілген оқиға басталған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде оны жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып уәкілетті органға хабарлайды.